Әділет

# N 2491 болып тіркелген "Квитанциялардың және фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолданбай қызмет көрсету кезінде тұрғындарға берілетін чектерге теңестірілген басқа да қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 26 тамыздағы N 344 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

## *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 16 қыркүйектегі N 445 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 6 қазанда тіркелді. Тіркеу N 3134. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 9 қаңтардағы N 5 бұйрығымен.

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2009.01.09 N 5 бұйрығымен .*

*-------------------- Бұйрықтан үзінді -------------------*

*Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :*

*1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес кейбір нормативтік құқықтық актілердің күші жойылды деп танылсын.*

*2. . . .*

*3. . . .*

*4. Осы бұйрық 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.*

*Министр Б.Жәмішев*

*Қазақстан Республикасы*
*Қаржы Министрдің*
*2009 жылғы 9 қаңтардағы*
*№ 5 бұйрығына қосымша*

*Күші жойылған кейбір нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

*1. . . .*

*17. "Квитанциялардың және фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолданбай қызмет көрсету кезінде тұрғындарға берілетін чектерге теңестірілген басқа да қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті төрағасының 2003 жылғы 26 тамыздағы № 344 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 16 қыркүйектегі № 445 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік*

*тіркеу тізілімінде № 3134 болып тіркелді, "Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетені" журналында, 2004 ж., № 41-44, 1048-құжат, "Ресми газет" газетінде 2004 жылғы 6 карашадағы № 45 жарияланды).*

*.........*

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 546-бабына сәйкес бұйырамын:

1. "Квитанциялардың және фискальдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолданбай қызмет көрсету кезінде тұрғындарға берілетін чектерге теңестірілген басқа да қатаң есептілік құжаттарының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 26 тамыздағы N 344 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 2491 болып тіркелген, "Ресми газеттің" 2003 жылғы 25 қазандағы N 43 (148) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) 2-қосымшаға сәйкес автоматтандырылмаған почта байланысы бөлімшелерінде почта жіберілімдері мен аударымдарының төлемдерін қабылдау үшін почта жіберілімін немесе почта аударымын қабылдауға арналған квитанция;";

4) тармақша алып тасталсын;

8) тармақшадағы "поездардағы" деген сөз "темір жол ұйымдарының негізгі қызметі бойынша" деген сөздермен ауыстырылсын;

9) тармақшадағы "жолаушылар шаруашылығынан түсетін" деген сөздер "темір жол көлігі ұйымдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) 2-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

3) 7-қосымшада квитанцияның атауында және мәтіні бойынша "станцияларында" деген сөз "желілерінде" деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 9-қосымшада квитанцияның атауында және мәтіні бойынша "жолаушылар шаруашылығынан" деген сөздер "темір жол көлігі ұйымдарынан" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің Салық Әкімшіліктендіруі басқармасы (А.Қыпшақов) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге жіберсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*
*Қаржы министрлігі*

*Салық комитетінің Төрағасы*

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2004 жылғы 16 қыркүйектегі N 445 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитеті Төрағасының 2003 жылғы 26 тамыздағы N 344 бұйрығына 2-қосымша

---

1-нысан

Кәсіпорынның атауы ___________________________

СТН ________________________________________

**Түбіртек** серия ____ N ______

Почта жөнелтілімін және почта аударымын қабылдау үшін

Жөнелтілім түрі _______________/ ______________________________

(айрықша белгісі)

Құндылығы/аударымның сомасы ________________________________

(жазбаша)

теңге__________ тиын______________

Үстеме төлем ______________________________________________

Қайда ___________________________________________________

Кімге ___________________________________________________

---

Салмағы Төлемі: Қабылдадым

___кг. __гр. салмағы үшін ___________________

аударым үшін __________________

құндылығы жарияланған үшін ___

қосымша қызметі үшін __________ (қолы)

Жиынтығы ______________________ Күні ______

(жазбаша)

---

К Е Л Е С І  Ж А Ғ Ы

---

```
       _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _
|                                 |
|                                 |
|                                 |
|                                 |
     |_ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _ _|
```

( Б е р і л г е н  о р ы н н ы ң
п о ч т а  м ө р қ а л ы б ы )

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК